

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды 2015 жылға субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы**

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы N 74 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде N 3886 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 - бабының 2 - тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 - бабы 2 – тармағының 18) тармақшасына сәйкес және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3 - 1/600 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 9987) бұйрығын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2015 жылға арналған субсидиялардың көлемдері;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын 2015 жылға арналған өлшемдер мен талаптар;

3) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен және бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу үшін 2015 жылға арналған субсидиялардың нормативтері;

4) осы қаулының 4 қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша шығындарды 100%-ға дейін өтеуге 2015 жылға арналған субсидиялардың нормативтері;

5) осы қаулының 5 қосымшасына сәйкес маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізудің 2015 жылға арналған өлшемдері мен талаптары;

6) осы қаулының 6 қосымшасына сәйкес бал ара ұясымен селекциялық және асыл

тұқымдық жұмыс жүргізудің 2015 жылға арналған өлшемдері мен талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

2015 жылғы "21" 03

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "20" наурыздағы  
№ 74 қаулысына 1 қосымша

## Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2015 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.12.2015 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыттары	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Ірі қара мал шаруашылығы					
Етті ірі қара мал шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	81 933	1 474 794
2)	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	49 918	898 519
3)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	21 500	430 000
4)	жалпы табындарда етті асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	24	2 496
2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	4 763	733 502
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан)	бас	200 000	993	198 600
3)	и м п о р т т а л ғ а н а с ы л т ұ қ ы м д ы с е л е к ц и я л ы қ і р і қ а р а м а л	бас	118 000	353	41 654

3. Сиыр етін өндіру құнын арзандату:					
1) 1 деңгей	кг	300	28 412	8 523,6	
2) 2 деңгей	кг	170	330 000	56 100	
3) 3 деңгей	кг	100	2 558 330	255 833	
4. Бұқашықтарды өндірудің бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына немесе операторға өткізу	бас	24 000	245	5 880	
Барлық сома:				4 105 901,6	
Сүтті ірі кара мал шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1) асыл тұқымды ірі кара малдың аналық мал басы	бас	20 000	11 400	228 000	
Сүт өндіру құнын арзандату:					
1) 1 деңгей	кг	25	23 146 000	578 650	
2) 2 деңгей	кг	15	11 736 000	176 040	
3) 3 деңгей	кг	10	9 999 100	99 991	
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен сүтті-тауарлы фермалар үшін ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	бас	20 000	1361	27 220	
Барлық сома:				1 109 901	
Етті құс шаруашылығы					
1. Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата –енелік нысандағы етті асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	300	156 960	47 088	
2. Құс етін өндіру құнын арзандату:					
1) 1 деңгей	кг	70	15 749 571	1 102 470,0	
2) 2 деңгей	кг	66	5 125 500	338 283	
3) 3 деңгей	кг	50	3 581 200	179 060	
4) 1 деңгей Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен	кг	66,6	5 991 600	399 401	
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен жемшөп құнын арзандату	жемшөп тоннасы	7 500	11 460	85 950	
Барлық сома:				2 152 252	
Қой шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	1 500	304 134	456 201	
2. Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	14 451	115 608	
3. Биязы жүн өндіру құнын арзандату	кг	130	42003	5 460,4	
Барлық сома:				577 269,4	
Жылқы шаруашылығы					

1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	1 000	40 000
2.	Қымыз өндіру құнын арзандату	кг	60	2 050 000	123 000
Барлық сома:					163 000
Шошқа шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу	бас	15 000	50	750
2.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату	кг	98	761 963	74 672,4
3.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен жемшөп құнын арзандату	жемшөп тоннасы	7 500	1188	8910
Барлық сома:					84 332,4
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)					
1.	Асыл тұқымды маралдарды (бұғыларды) сатып алу	бас	30 000	45	1 350
2.	Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	14 708	2 991	43 996,554
Барлық сома:					45 346,554
Бал ара шаруашылығы					
1.	Бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бал ара ұялары	2 369,27	898	21 279,049
Барлық сома:					21 279,049
<b>Жиыны:</b>					<b>8 259 282</b>

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "20" наурыздағы  
№ 74 қаулысына 2 қосымша

## **Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын 2015 жылға арналған өлшемдер мен талаптар**

1. Технологиялық құрал-жабдықтарға, ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларын сақтауға арналған үй-жайлардың болуы.

2. Ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларын сақтауды ұйымдастыру үшін технологиялық жабдықтардың және ілеспе материалдың болуы.

3. Ұрпақ сапасы бойынша бағаланған ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларының болуы.

4. 1 ұрықтандырушыға жылдық орташа жүктелім 240 бастан кем емес.

5. 1 басқа ұрықтандырушы бұқалардың ұрығына қажеттілік – 2,5 доза.

6. 1 дозаның құны – 750 теңгеден артық емес.

7. 1 аналық мал басын ұрықтандыруға ұрық дозасының шығыны – 1875 теңгеден кем емес.

8. Техник-ұрықтандырушының қызметіне жұмсалатын шығындар – 1000 теңгеден кем емес.

9. Өзге шығындар (электр энергиясы, газ, су, сұйық азот, натрий цитраты, дезинфекциялық құралдар) – 125 теңгеден артық емес.

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "20" наурыздағы  
№ 74 қаулысына 3 қосымша

### **Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен және бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу үшін 2015 жылға арналған субсидиялардың нормативтері**

Субсидиялау нормативтері	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге		
	Марал шаруашылығы	Бұғы шаруашылығы	Бал ара шаруашылығы
Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен және бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу	15 057	12 393	2 369

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "20" наурыздағы  
№ 74 қаулысына 4 қосымша

### **Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша шығындарды 100%-ға дейін өтеуге 2015 жылға арналған субсидиялардың нормативтері**

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша шығындарды 100%-ға дейін өтеу	бас	3000

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "20" наурыздағы  
№ 74 қаулысына 5 қосымша

### **Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізудің 2015 жылға арналған өлшемдері мен талаптары**

1. Есептік жылдың 1 қаңтарында маралдардың (бұғылардың) мал басының қолда бары 300 – ден кем емес, бұның ішінде аналық мал басының 100 бастан кем емес болуы

2. Бейіндік ғылыми ұйымның немесе маралдарды (бұғыларды) өсіруге маманданған ғалымның ғылыми-консалтингтік сүйемелдеуінің болуы.

3. Элита класты және 1 класты асыл тұқымды маралдардың (бұғылардың) асыл тұқымдық үлес салмағы:

1) бұғылар - барлық бұғылар санының 40%;

2) аналықтар – барлық аналық мал басының 55%.

4. 100 аналыққа шаққанда алынатын төл - 30 бастан кем емес.

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "20" наурыздағы  
№ 74 қаулысына 6 қосымша

## **Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізудің 2015 жылға арналған өлшемдері мен талаптары**

1. Есептік жылдың 1 қаңтарында бал ара ұяларының 100-ден кем емес (асыл тұқымды бал ара ұяларының көктемгі тексерудің актісі негізінде 100-ден кем емес) болуы.

2. Бейіндік ғылыми ұйымның немесе бал араларын өсірумен айналысатын ғалымның ғылыми-консалтингтік сүйемелдеуінің болуы.

3. Элита және 1 кластың үлес салмағы 50% кем емес.

4. Ветеринариялық–санитариялық іс-шараларды міндетті түрде жүргізу.